

Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2017 жылғы 27 ақпандағы № 72 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 наурызда № 6869 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2017 жылға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрайымы
Жангелдин аудандық
мәслихатының хатшысы*

Қ. Әлібек

С. Нургазин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жангелдин ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Биржикенов

2017 жылғы 27 ақпан